

МРНТИ 16.21.09

Г.М.Мамырбекова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы, Қазақстан

ЕСКІ КІТАБИ СӨЗДЕРДІҢ ВАРИАНТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІККЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Жазба мұраларымызды орыс әрпіне транскрипциялағанда көптеген ескі кітаби сөздердің транскрипциялық және графикалық ала-құлалыққа ұшырауы себепті бірнеше дыбыстық нұсқасы пайда болды. Бірнеше тұлғада таңбаланған бұндай кітаби сөздердің барлығы дыбысталуы бөлек, бірақ қолданылуында мағыналық дербестігі жоқ сөздер. Ескі кітаби тіл бірліктері варианттарының, әсіресе көне формаларының бірыңғай жүйеге түспей келе жағуының өзіндік себептері бар. Сөздер варианттарының пайда болуын зерделеу және олардың ішіндегі бір нұсқаны норма ретінде тану мәселесі күні бүгінге дейін тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарында келе жатыр. Ескі кітаби сөздердегі варианттылық фонетикалық және орфографиялық тұрғыдан талданған және оларды орфографиялық сөздікке енгізу мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: нұсқа, ескі сөздер, сөздік, тілдік норма.

Г.М.Мамырбекова

Институт языкознания им. А.Байтұрсынова
кандидат филологических наук,
Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ВАРИАТИВНОСТИ СТАРОКНИЖНЫХ СЛОВ И ИХ ВКЛЮЧЕНИЯ В ОРФОГРАФИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ

Аннотация: При транскрипции нашего письменного наследия на русский алфавит возникло несколько звуковых версий из-за того, что многие старые книжные слова подвергались транскрипционному и графическому различию. Все эти книжные слова, маркированные в нескольких формах, являются словами с обособленным звучанием, но не имеющими смысловой самостоятельности в употреблении. Есть свои причины, по которым старые книжные языковые единицы не попадают в единую систему, особенно древние формы. Проблема изучения появления вариантов слов и признания одного из них нормой до сих пор остается в числе серьезных проблем в языкознании. Вариативность в старых книжных словах анализировалась фонетически и орфографически и рассматривалась проблема их включения в орфографический словарь.

Ключевые слова: вариант, старые слова, словарь, языковая норма

G.M. Mamyrbekova

Institute of Linguistics named after A. Baitursynov
Candidate of philological sciences,
Almaty, Kazakhstan

ISSUE OF VALIDATING THE OLD BOOKISH WORDS AND ADDING THEM INTO ORTHOGRAPHIC DICTIONARY

Abstract: This article considers the old words validate in the way of phonetic and also considered them in the orthographic way, also adding them into orthographic dictionary. During the transcription of our written heritage into the Russian letter, several sound versions emerged due to the fact that many of the old book words were subjected to transcription and graphic design. All such bookish words, which are designated by several persons, sound separately, but in use do not have semantic independence. There is an inherent reason that the variants of the old book linguistic units, especially the ancient forms, do not enter into a single system. The problem of studying the appearance of variants of words and recognizing one of them as a norm still remains among the serious problems in language education. Variant phonetic and spelling analysis in old book words and the issue of their inclusion in the spelling dictionary is considered.

Keywords: option, old words, dictionary, language norm.

«Вариант» мәні «инвариантқа» (лат. өзгеріске түспейтін) қарама-қарсы ұғымда жұмсалатыны мәлім. Ғалым Н.Уәлиұлы қазақ тіліндегі варианттылық құбылысын зерттеу, бір жағынан, тілдік құрылымға қатысты, екінші жағынан, тілдік нормаға, әдеби тілдің даму кезеңдеріне, тілдік норманы кодификациялаудың практикалық, теориялық мәселелерімен тығыз байланысты екендігін алға тарта отырып: «Варианттылық тілдік нормадағы сабақтастықты жүзеге асыру қызметін атқаратын айрықша тілдік «тегершік» болып табылады. Варианттар деп мазмұнмеже жағынан және функция (қызметі) жағынан бірдей бірінің орнына бірі қолданыла беретін, тұрпатмеже жағынан ғана жекелеген, толық емес өзгешелігі бар тілдік бірліктерді түсінеміз», – дейді.

Қазақ тіліндегі варианттылық орыс зерттеушілерінің еңбектерінде XIX ғасырдың аяғында беріле бастады. Мәселен, Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы шығарған кітабында: *абдан/эбден, мұндар/мұрдар, қаде/кэде* [1], П.М.Мелиоранскийдің еңбегінде *исм/есім, алла/алда, молда/молла* [2], сөздерінің дыбыстық варианттары көрсетілген.

Тіл мәдениетін арттырудың басты шарттарының бірі сөздердің ала-құла таңбалануына жол бермей, бірізділікті сақтау екендігі мәлім. Әдетте варианттардың фонетикалық (*тозақ/дозақ*, т.б.), грамматикалық (*келетін/келетұғын*, т.б.), семантикалық (леген/шылапшын, т.б.), лексикалық (сіріңке/оттық т.б.) түрлері болатыны белгілі.

Біз өз зерттеуімізде кітаби сөздердегі варианттылықты **фонетикалық** (*арафа/арана, жамиз/жәмиг, зақум/зақұм*) және **орфографиялық** (*яхуди/яхудэ, шейім/шәйт, молда/молла, мехнат/михнэт* – бұлардың біріншісі орфографиялық норма да, кейінгісі сөлеу тілінің элементі) жақтан талдамақпыз. Жарыспалы тұлғалардың мағыналық тепе-теңдігі сақталып, сөздің сырт тұлғасы ғана дыбыстық ауытқуға ұшыраған кітаби сөздер өте көп кездеседі. Бұның негізгі себептері мыналар:

Біріншіден, жазба мұраларымызды орыс әрпіне транскрипциялағанда қате аудару, сөздердің дыбыстық тұлғаларын бұрмалап беру үрдісі белең алып, көптеген сөздер транскрипциялық және графикалық ала-құлалыққа ұшырауы себепті бірнеше дыбыстық нұсқасы пайда болды.

Екіншіден, кірме сөздердің барлығы түпнұсқа тұлғасында, яғни араб, парсы тіліндегі таңбалануы бойынша жазылғандықтан, оны кирилл әрпіне әркім әртүрлі аударып жіберген. Осының салдарынан бір шығарманың өзінде бір сөздің бірнеше нұсқалары жазылып жүр. Мысалы: *абжылан, әбжылан, әп жылан (су жылань), гариб, гарит, гарьт, гаріб, гаріп, гәріп, кәріб, кәріп (бейшара, сорлы), қалам, кәләм, кәлем (сөз, әңгіме; ауысп. құран.)*, т.б.

Үшіншіден, араб әліпбиінде үш дауыстының (а, у, и) ғана таңбасы бар. Осы үш дауыстының таңбасы қазақ тіліндегі барлық дауыстылардың орнына жұмсалған. Сондықтан

транскрипциялау барасында дауыстыларды әртүрлі оқудан бір сөздің бірнеше дыбыстық тұлғасы пайда болған.

Міне, осындай себептер ескі кітаби тіл бірліктерінің бір емес, бірнеше вариантының пайда болуына ықпал етті. Сонымен қатар араб, парсы, қазақ тілдеріндегі фонетикалық өзгешелік те дыбыстық варианттардың пайда болуына үлкен жол ашқан. Атап айтқанда:

1) Араб және парсы тілдері мен қазақ тілінің фонетикалық жүйелеріндегі дыбысталудың әртүрлілігі: астапыралла – араб тіліндегі дыбысталуы *астағфир аллаһу*; бекем – араб тіліндегі дыбысталуы мухаммат т.б.

Астапыралла, астағфирулла, астағфиралла, астауіралла (ар. *астағфир Аллаһу*) – *Алла сақтай гәр!*, *Құдай сақтасын!* *Алла кешірсін!* Жәбірейіл сол арада мекен қылған, *Астағфирулла* Алла ла иллаһа, илла Алла («Жеті қат көк баяны». М.Жүсіп, II т. 2003). Падишаһ айтты: – *Астағфиралла*, тәубә қылдым, Не айтсаң да сөзіңе құлақ қойдым («Қисса қырық үзір». Бабалар сөзі. 8-т. 2004. 100 томдық). Бабалар сөзі. 54-т. 2009. 100 томдық). Айтпады қаталықпен, *астапыралла*, Құдая, балалығын кешіре көр ... («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») (Бейсенбай нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-т. 2009. 100 томдық). Не дейді, тоба Құдай, *астауіралла*, Қарақтарым, малды бақсын, тазшаны алда («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») (Б.Мақанов нұсқасы). Бабалар сөзі. 55-т. 2009. 100 томдық).

Бекем, мекем, меккем, махаммат, меххам, махаммат, махаммат, махаммат, махаммат (ар. *мухаммат*) – *мықты, берік, нық*. *Бекем* қылды қайықты, Қауіптен енді айықты («Асылбек пен Гүлжиганның қиссасы»). Бабалар сөзі. 21-т. 2005. 100 томдық). Өнтардың көп әскері шауып келіп, Жан-жағын қоршап алды *мекем* етіп («Орқа – Күлше»). Бабалар сөзі. 1-т. 2004. 100 томдық). Аулақ жерге, бір ағашқа алып келді, Ол ағашқа *махаммат* қылып байлап қойды («Ғазауат сұлтан»). Бабалар сөзі. 13-т. 2005. 100 томдық). Шаншар хан әділ патша сенің атаң, Дұшпанға саясатты, өзі *меххам* («Хикаят рисала Мұңлық Зарлық»). Бабалар сөзі. 52-т. 2008. 100 томдық). Жәбірейіл Мұхаммедке келді жетіп, Бір қысты қанатымен *махаммат* етіп («Мұхаммедке пайғамбарлық келгені»). М.Жүсіп, I-т, 2003). Шаншар хан әділ патша сенің атаң, Дұшпанға саясатты өзі *мекем* («Мұңлық-Зарлық». Ғашықнаме, 1976). Қырық жігіт сонда тұрады, Белді *махаммат* буады («Қисса Ғауазхан» (Ертай Құлсариев нұсқасы). Бабалар сөзі. 49-т. 2008. 100 томдық). Жас бала таққа мініп, дін түзетті, *Махаммат* ораза, намаз, зекет, хажды («Абылай хан әңгімесі»). Бабалар сөзі. 57-т. 2010. 100 томдық).

2) Кірме сөздер құрамындағы қазақ тілінде мүлде кездеспейтін дыбыстарды төл дыбыспен алмастыру үрдісі: әзірейіл, аяр, ақық сөздері араб тілінде айн дыбысынан басталады, оған сәйкес дыбыс қазақ тілінде мүлде жоқ, сондықтан оның бірнеше нұсқалары пайда болған және ауыз әдебиеті шығармаларында сол екінші сыңарларының қолданым аясы да кең.

Әзірейіл, ғазірейіл, ғазірәйіл, ғазирайыл (ар. азрайл) – *жан алғыш періште*. Жөнелді бір жағына жолды тастап, *Әзірейіл* ұстағандай іздеп келіп («Әбуғалисина, Әбілхарис». Дастандар, 1990). Өрқашан алмақ болса құлдың жанын, *Ғазірейіл* ол пендеге келер жақын («Пенделер жаралып, жан бергені»). М.Жүсіп, II-т, 2003). *Ғазірәйіл* алып кетті қарамай-ақ, Қояды қаза жетсе, кімді аяп?! («Исабек ишан»). М.Жүсіп, I-т, 2003). Алдайсың да жоқ дүние өтеді деп, *Ғазирайыл* соныңнан жетеді деп («Көрпеш һәм Баян сұлу») (Шоқан нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-т. 2009. 100 томдық).

Аяр, ғаяр, ғайыр (ар. *гайар*) – *айлакер, алаяқ*. Арамызда бар болар бір аяр, – деді, Нешік оны табармыз, ғаяп? – деді («Ғазауат сұлтан»). Бабалар сөзі. 13-т. 2005. 100 томдық). Әй, ғайыр, келдің бе мұнда? – деді, Абрақ жәду іздеткен сені, – деді («Ғазауат сұлтан»). Бабалар сөзі. 14-т. 2005. 100 томдық). **Аярлық** – *алаяқтық, айлакерлік. Ғаярлық* қып екінші судан ішіп, Бастапқы суды оған бергейсің сен («Шаһмаран»). Бабалар сөзі. 2-т. 2004. 100 томдық). Әй, Бағтал, *аярлықты* қылдың, – деді, Жаһанды хараб қылып болдың, – деді («Ғазауат сұлтан»). Бабалар сөзі. 14-т. 2005. 100 томдық).

Ақық, ғақық, ғахик, ғақиқ (ар. *ақиқ*) – *қызыл түсті қымбат асыл тас (рубин)*.

Алты үйдің біреуінен біреуі артық, Дүр, гауһар, інжу, маржан, лағыл *ақық* («Қасым Жомарт»). Дастандар, 1990). *Ғақықтан* – рамкасы бар: гауһар шыны, Кіреміз, иншалла, болса бақыт («Сегіз жұмақ, төрт періште баяны»). М.Жүсіп, II-т, 2003). Орнатты қырық жерден алтын тақыт, Шашылар үй ішінде меруерт, *ғажық* («Иранғайып шах Ғаббас»). Ғашықнаме, 1976). **Ғақиқ ерін** – *әдемі ерін*. Бұраң бел, *ерні ғажық*, көзі гауһар, Сипаты бұл ғаламнан еркін асқан («Зияда-Шахмұрат»). Қисса-дастандар, 1986).

3) **Жазба мұралардағы араб, парсы сөздерін түпнұсқа бойынша транскрипциялау үрдісінің нәтижесінде ол сөздің бірнеше варианттары пайда болған. Мысалы: неке сөзінің арабша түпнұсқасы *никаһ*, *жұп* сөзінің арабша түпнұсқасы *жұфұт* т.б.**

Неке, никах, неках, неқак, некаһ (ар. *никах*) – *ерлі-зайыптылардың заңды түрде, шариғат жолымен, некесін қидырып, екі жақтың ризашылығымен қосылуы, үйленуі*. Жиырма қыз, жиырма жігіт ертті, *Неке* етіп бір-біреуін қосып кетті («Қозы Көрпеш-Баян Сұлу») (Шөже нұсқасы). Бабалар сөзі. 54-т. 2009. 100 томдық). Әй, Нәрік батыр, сізге маслихат болса, бұ қызды сенә *никах* етіп берейін («Қисса-и Нәріктің ұғлы Шора батыр») (Мұхамбет нәжіп Әлиакбарұлы нұсқасы). Бабалар сөзі. 45-т. 2007. 100 томдық). Айтыпты әкесіне көргендерін, *Неках* қып Марғышаһның бергендерін («Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы»). Бабалар сөзі. 20-т. 2005. 100 томдық). Біреуін Махмұтқа *неқак* қылып, Дүшпандарға мақтанып қалсын! – дейді («Шаһарбан мен Хұсайын»). М.Жүсіп, I-т, 2003). Әмір Омар Сейітке қызын беріп, *Некаһ* қылып, екеуі қосылдылар («Қисса Сейітбаттал»). Бабалар сөзі. 16-т. 2005. 100 томдық).

Жұп, жұфұт, жұфт, жұфіт, жұфыт (ар. *жұфут*) – *қосақ, жұбай*. Сарғайған нарын мен едім, Сағынған *жұттым* сен едің («Қобыланды батыр»). Бабалар сөзі. 38-т. 2006. 100 томдық). Әлқисса, Сәлімжан қайын атасы, һәм анасы, һәм *жұфұты* Гүлжауһарға «Әлхүкму – хүкму Алла» деп өтініп, сәлем жазып жіберген хатының жауабы («Хикаят Сәлімжан»). Бабалар сөзі. 5-т. 2004. 100 томдық). *Жұфүтінің* сүйіп жүзінен, Амандасып жөнөді («Рүстем-Зораб»). Қисса-дастандар, 1986). Жеңгеніңіз Таһирды алсаң дейді, Қосылып *жұфүт* болып қалсаң дейді («Таһир-Зүһра»). Ғашықнаме, 1976). Дүниеде *халал* жұфыт жар болмаққа, Сол еді ұшып кеткен бұлбұл құсым («Зияда-Шахмұрат»). Қисса-дастандар, 1986).

Әдеби нормада қалыптасып, икемделген *астағыралла* сөзінің *астағфиралла, астағфиралла, астағпирал* варианттары, *бекем* сөзінің *макхам, мехкам, махқум, махқам* варианттары, *әзірейіл* сөзінің *ғазірейіл, газірейіл, газирайыл* нұсқалары, *неке* сөзінің *никах, неках, неқак, некаһ, жұп* сөзінің *жұфұт, жұфут, жұфіт, жұфыт* варианттары ескі кітаби тілге тән дыбыстық нұсқалары болып табылады. Қазіргі әдеби тілде бұл қатарлардың көбі қолданымынан шығып қалды. Алайда, жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті шығармаларында ескі варианттардың таңбалануы өте жиі ұшырасады. Сондықтан да ескі кітаби тілге тән нұсқаларды да **латын графикасымен шығатын орфографиялық сөздікке** ендіріп, қай вариантпен беру керек екендігін сұрыптаған дұрыс. Мәселен, *күнә* сөзінің *күнаһ, күнәһ, күнаһи, күнәһи, гүнаһ, гүнаһ, гүнәһ, күнай, күнәй, жұп* сөзінің *жұфұт, жұфут, жұфіт, жұфыт*, сол сияқты басқа да сөздердің варианттарының ішіндегі бір нұсқасын орфографиялық сөздікке ендіру керек. Себебі:

Біріншіден, бұл сынарлар қазіргі әдеби тіл қолданысында жоқ болса да, ескі кітаби тіл бірліктері ретінде қисса-дастандарда өте көп кездеседі.

Екіншіден, еліміз латын графикасын қабылдағаннан кейін барлық кириллицамен жазылған жыр-дастандар, ауыз әдебиеті шығармалары, жазба ескерткіш мәтіндері латын графикасымен қайтадан басылып шығары сөзсіз. Бірыңғай жүйеге түспеген ескі бірліктер қайтадан ала-кұла қалпында (*жұфұт, жұфут, жұфіт, жұфыт; шаһариар, шәһариар, шарияр, шарияр, күнаһ, күнәһ, күнаһи, күнәһи, гүнаһ, гүнаһ, гүнәһ, күнай, күнәй, т.б.*) көпшілікке жол тартпауы қажет.

Болашақта латын графикасымен жарыққа шығатын **орфографиялық сөздікке** мына-

дай ескі кітаби тіл бірліктерінің бір нұсқасын көне сөздер ретінде ендіруді ұсынамыз:

Әйбат сөзінің көне *хайбат*, *һәйбат* нұсқалары. Мағынасы: 1. Үрей, қорқыныш. 2. Мәртебе, бедел. 3. Құрмет, сый, қошемет. 4. Айбын, айбар, сұс. 5. Ауысп. Құнды, бағалы, жақсы. 6. Ауысп. *Күиті*, *зор*, *қатты*. Қисса, жыр-дастандарда *хайбаттану* (қаһарлану, қаһарын төгу); *Һәйбатты*, *хайбатлы* (мықты, айбынды); *Һәйбатланып* (әдеміленіп, құлпырып) түрінде өте молынан ұшырасады.

Айла сөзінің *хайла* нұсқасы. Мағынасы: *құлық*, *айла-тәсіл*, *амал*. Ауыз әдебиеті үлгілерінде қос сөз ретінде де *ақыл-хайла*, *хайла-амал*, *хайла-әдіс*, *хайла-мәкір*, *хайла-шара*, жеке сөз ретінде де жиі қолданыста болған: *хайлалау* (құлық ойлау), *хайла таптау* (амал таппау).

Алуа сөзінің *халуа* нұсқасы. Мағынасы: 1. Тәттілік, шырындық. 2. Қант пен бал қосып жасайтын түрлітәтті тағам. Жырларда *сөзі [көмейі, сұқбаты] халуа-шекер*, *халуа-балдай* деген форма көп кездеседі.

Әлек сөзінің *һалақ*, *һәләк*, *һәлек*, *һалақ* нұсқалары. Мағынасы: 1. *Өлім*, *өлу*, *өлтіру*, *жою*, *көзін құрту*. 2. *Ауысп. Әуре*, *әуреге түсу*, *әуреге түсіру*.

Бекем сөзінің *махкам*, *маҳкам* нұсқалары. Мағынасы: *мықты*, *берік*, *нық*. Ауыз әдебиеті жырларында *руза мен намазға махкам* (оразаны жыл сайын ұстау, намазын қаза қылмай, тастамай оқу); *Аллаға махкам сыйыну* (Аллаға қатты сыйыну); *шариғат істеріне махкам болу* (шариғат заңдарын қатаң сақтау); *махкамлап тұту* (ешкімге бермей, өз қолында ұстау); *шариғаттың махкамы* (шариғат жолының мықтылығы), *ораза*, *намаз*, *зекет*, *хажды махкамлау* (ораза ұстауға, намаз оқуға, зекет беруге, қажыға баруға түбегейлі мойын бұру, дін жолын берік ұстану) тәрізді сөзқолданыстар жиі ұшырасады.

Жұп сөзінің *жұфұт*, *жұфұт*, *жұфит*, *жұфұйт* нұсқалары. Мағынасы: 1. Қосақ, жұбай. 2. Тақ емес, жұп. 3. Екеу, екіден. Қисса-дастандарда *жұфұт болу* (үйлену, ерлі-зайыпты болу; төсектес болу); *жұфұтлану* (үйлену); *жұфұтлау* (үйлендіру, қосу); *жұфұтлық* (жұбайлық); *хақ жұфұт* (Құдай қосқан жар); *халал жұфұт* (некелі адал жар) түріндегі қолданыстары өте жиі ұшырасады.

Химия сөзінің *кимиа*, *кимия*, *кимие* нұсқалары. Бұл сөздің арабша дыбысталуы *кимиа*. Жыр-дастандардағы таңбалануы тек *кимиа*, *кимия*, *кимие* формаларында ғана берілген. *Химия* түрінде жазылуы кездеспейді.

Маймыл сөзінің *маймұн*, *мимун*, *мәймун* нұсқалары. Бұл сөздің арабша дыбысталуы *маймун*. Жыр-дастандарда маймыл сөзімен қатарласа *маймұн*, *мимун*, *мәймун* нұсқаларының да қолданысы басым.

Медет сөзінің *мүддат*, *мүддет* нұсқалары. Мағынасы: мезгіл, уақыт. Жыр-дастандарда берілетін *мүддат*, *мүддет* нұсқалары көне форма ретінде танылады.

Мөр сөзінің *мүһр*, *мөһр*, *мөһір* нұсқалары. Мағынасы: 1. *Таңба*, *мөр*. 2. *Қал*, *мең*. Ауыз әдебиеті шығармаларында *мөһірлеу*, *мүһірлеу* (мөрлеу, мөр басу); *мөһрлі фарман* (мөр басылған бұйрық) түрінде жиі кездеседі.

Мүдде сөзінің *мүддаға*, *мүддаға* нұсқалары. Мағынасы: 1. Тілек. 2. Талап. Жырларда *мүддаға-мақсат* түріндегі қос сөз жиі кездеседі.

Неке сөзінің *никах*, *неках*, *некаһ* нұсқалары. Мағынасы: ерлі-зайыптылардың заңды түрде, шариғат жолымен, некесін қидырып, екі жақтың ризашылығымен қосылуы, үйленуі. Жырларда *некахлау*, *некахлану*, *некахтану*, *некахлану*, *некаһлау*, *некаһтану*, *некаһтану* (үйлену, үйлендіру, некелену, неке қию); *некахлы*, *некахты*, *некаһлы*, *некаһты* (некесі қиылған, некеленген, үйленген); *некаһлату* (некелеу); *некаһсыз* (некесіз, некесі қиылмаған); *некаһына кіргізу* (некелеу, некесін қию); *некаһ қию* (неке дұғасын оқытып, екі адамды үйлендіру); *хақ никах* (ризальқпен, адалдықпен екі адамның үйленуі; Алланың бұйрығымен қосылу) түрінде берілген.

Тәрбие сөзінің *тарбият*, *тәрбият*, *тәрбиат* нұсқалары. Мағынасы: 1. Жеткізу, өсіру. 2. Тәрбиелеу, тәлім беру, үйрету. 3. Құрметтеу, ізет көрсету. 4. Арту, өсу. Қисса-дастандарда

тәрбиат қылу формасы өте жиі кездеседі.

Байтақ сөзінің *пайтақыт*, *пайтахымт*, *пайтахт* нұсқалары. Мағынасы: 1. Патшаның ордасы. 2. Ауысп. Тақ. 3. Ауысп. Шексіз. 4. Ауысп. Ел, жұрт.

Күнә сөзінің *күнаһ*, *күнәһ*, *күнаһи*, *күнәһи*, *гүнаһ*, *гүнаһ*, *гүнаһ* нұсқалары. Мағынасы: 1. Дінге, шарифатқа қайшы әрекет, шалыс қадам. 2. Адамның іс-әрекетіндегі ағаттық, ерсілік, мін.

Тақ сөзінің *тақыт*, *тахт*, *тахымт* нұсқалары. Мағынасы: 1. Патшалардың отыратын орны. 2. Билік, билік құру. 3. Безендірілген, арқасы мен екі жақтауы бар отыруға арналған үлкен орындық тәрізді зат. 4. Төсек. Жырларда билік мағынасы *тәж-тақыт*, *тәж бен тахымт* түрінде жұмсалған.

Шадияр сөзінің *шаһариар*, *шәһариар*, *шарияр*, *шариар*, *шәриар* нұсқалары. Мағынасы: Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли. Жыр дастандарда шаһариарым (ауысп. жан серігім) формасы көп қолданылған.

Ой, ес мағынасында жұмсалатын *жад* сөзінің *иад* формасын да көнелік ретінде орфографиялық сөздікке ендірген дұрыс. Себебі ауыз әдебиеті жырларында *иад қылу* тіркесі жиі кездеседі.

Зайып сөзінің *зағифа*, *зағиф* нұсқалары. Жыр, қисса-дастандардың көпшілігінде әйел, жұбай ұғымындағы *зайып* сөзі *зағифа* формасында берілген.

Болашақта латын графикасымен шығатын орфографиялық сөздікке жоғарыда көрсетілген көнелік формаларды да ендіру қажет. Себебі нормаландыру принципі қолға алынбағандықтан, қаншама ескі кітаби тіл бірліктері әртүрлі нұсқалармен көпшілікке ұсынылып келе жатыр.

Бірнеше тұлғада таңбаланған бұндай кітаби сөздердің барлығы дыбысталуы бөлек, бірақ қолданылуында мағыналық дербестігі жоқ сөздер. Бірақ тілімізде қалыптасқан вариантымен жарыса қолданысқа түскен екінші сыңарлары көнелікті танытатын форма. 1963 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» кәріп/ғарып/қарып варианттары түгел алынған. Яғни бұл сыңарлардың сол кезеңдердегі жазбалар тілінде берілуіне орай, әрі елеулі орны болуымен байланысты, сөздікке ендіруді қажет деп тапқан.

Ескі кітаби тіл бірліктері варианттарының әсіресе, көне формаларының күні бүгінге дейін бірыңғай жүйеге түспей келе жатуының өзіндік себептері бар. Атап айтқанда:

1. Араб жазуын қолданған дәуірлерде араб, парсы сөздерінің барлығы тек түпнұсқа вариантта таңбаланып келді де, латын, кирилл таңбасына ауысқанда оларды берудің бірізді жүйесі болмады, яғни ауызекі тілдегі сындырылған нұсқасын таңбалаймыз ба, әлде түпнұсқа формасын өзгеріссіз береміз бе деген мәселе көпке дейін өз шешімін таппады. Сондықтан сөздің тілімізге икемделген нұсқасымен қатар көне формасы да жарыса жүрді. Мысалы: *әліп*, *алиф*, *әлиф*, *әліф*; *әскер*, *ғаскер*; *ғарасат*, *ғарәсәт*, *арасат*; *есім*, *исм*, *һісім*; *зейнет*, *зинат*, *зинет*, *зеннет*, *зиннәт*; *исфаһан*, *испаһан*, *испахан*, *асфаһан*, *аспаһан*, *аспақан*, *асбаһан*; *құтпа*, *хұтба*, *хұтпа*, *хатпа*, *хәтте*, т.б.

2. Араб жазулы шығармаларды кириллицамен жариялау барысында оны шығарушылар көптеген ескі кітаби араб, парсы сөздерін түпнұсқада қалай жазылса, дәл сол қалпында беру принципіне сүйенді. Алайда сөздің түпнұсқа варианты қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына толықтай сәйкеспейді, сол себепті әркім әртүрлі оқып, бір сөздің түрлі дыбыстық варианттарын қалыптастырды. Мысалы: *мисіл*, *мислә*, *мисле*, *мисли*; *нужум*, *нүжұм*, *нүжүм*; *мұрассағ*, *мұрассақ*, *мұрассиғ*, т.б. Кітаби тіл лексикаларының осы тәрізді көп варианттылығы ауыз әдебиеті шығармаларында мольнан ұшырасады.

Біз зерттеу барысында жалпы ескі кітаби тіл бірліктерін үлкен екі топқа бөлдік:

1. Орфографиялық сөздікте берілген сөздер

2. Орфографиялық сөздікте берілмеген сөздер

Орфографиялық сөздікте *абжад*, *ағуа*, *ақық*, *анжам*, *әбият*, *әбілет*, *әдді*, *әдиса*, *әзел*,

алмисақ, аман, әмсе, әптиек, әфсана, бақас, балиғат, баһар, бәдбақыт, бәден, бейқұт, бейхои, гүрзі, габари, газы, зақия, гапілет, гарасат, ғұшыр, даңдама, дәпін, дәргәһ, дәремет, дертменді, жәһіл, зипа, зұлықар, зұбаржасат, зүрият, ирада, канизәк, кәләндер, кешмет, керқудан, кетқұда, көдек, күрси, қирағат, құрсант, құтпа, ләкин, луту, мағрифат, мазтұм, мақдұқат, мүбәда, манзұр, мардан, махшиар, мұғжиза, мұхтасар, мұхитақ, мұстажасат, мүфсид, нағыра, нәмәрт, паруаз, пәруай, пәруар, пәруардігер, пәруана, панжара, нақият, рәкат, рәуиш, сарнай, саруар, сәргәрда, сақи, тариқат, тахқиқ, тәбдил, тәйем, тұхмат, ұр, фазылат, фарсақ, фарсақ, фарияд, хаят, хұжыра, хұжыра, шарғи, імкан, т.б. біршама ескі кітаби тіл бірліктері қамтылған.

Ал ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі, актив түрде кездесетін мына сөздер орфографиялық сөздікке енген: *аб/әб, ақайд/зақайд, алуафұрұи /алаунұриш, арафа/арана, аслан/әслан, асхаб/асхап, афсун/афсун, ахд/ақд, аһыл/аһил, әлейһиссалам/әләйһиссалам, әлфирақ/әлтирақ, барағат/барат, баһан/бәһәна, баһра/бәһра, башиарат/бәшиерет, бәллұр/биллұр, бейқұда/бейқұда, бисуд/билһуд, бұстан/бұстан, гәриан/гәриян, газат/қазат, гауға/қауға, гифрит/ифрит, гиш/гәйиш, гуд/уд, дилбар/дилбар, дуван/дуан, жәзір/жазыр, жәһүд/жәһүт, зақум/зақұм, зәнжабил/зәнжабил, зиада/зияда, зұлжалал/зұлжалал, зүлфи/зүлфи, иха/ихна, кәфарат/капарат, күлфат/күлпат, мағиуғ/мағиуғ, мантиқ/мантық, махсус/махсұс, махфуз/махфүз, машиғұл/мәшиғұл, мәзкүр/мазкүр, мәләйик/мәлеик, миллат/милләт, миск/мәсік, муазин/муәзін, муафиқ/муафық, муқарраб/мұқарраб, мұнажжим/мүнәжжім, мүшир/мүшир, ниқаб/нықаб, нұжум/нүжүм, пәренжі/фәрәнжі, рүкүз/рукүз, сұбхан/субхан, тағбир/табир, тағриф/тағриб, тауап/тауап, таһарат/таһрат, уасил/уасыл, уахи/уахи, уәли/уәли, фахым/фахым, фирдаус/фирдауыс, хәдие/хәдие, хәдиса/қәдиса, хәмд/хәмид, хусусан/хосусан, һұжүм/һұжүм, шариф/шәрип, шаһбаз/шаһбаза, шаһид/шәһид, шәукат/шәукат, шиғыр/шиғр, шиит/шиғи, шүһрат/шүһрәт, т.б.* Болашақта латын графикасымен шығатын орфографиялық сөздікке осы көрсетілген ескі кітаби тіл бірліктеріміздегі түрде ендірілсе деген ұсынысымыз бар.

Жазу тарихын зерттеуші ғалым Қ.Күдеринаның көрсеткеніндей: «Орфографияның жетілуі тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис, лексикология, семасиология, оно-масиология, сөзжасам, фразеология, этнолингвистика салаларының дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан осы салаларда қол жеткен теориялар мен нәтижелерді жазудың коммуникативтік қызметін жетілдіре беруге қолдану үздіксіз процесс саналмақ. Процесс барысында әрқилы проблемалардың туып отыруы заңды да» [3, 8 б.]. Демек, ғалым Қ.Күдеринаның: «Тілдік таңба қарым-қатынастың бірнеше жолдарына түсіп, денотативтік және сигнификативтік жиілікке ұшыраса, таңбаның тұрақтылығы артады» [3, 33 б.], – деген ұтымды тұжырымын басшылыққа алған жөн деп есептейміз. Ғалым Н.Уәлиұлы: «Жарыспалылық, әсіресе фонетикалық варианттар – тілдің әдеби нормасына, орныққан қалыпты ережесіне нұқсан келтіретін, келергі тударыған фактілердің бірі» [4,101 б.], – дейді.

Бұл сөздердің емлесін қалыптастыру, дұрыс нұсқасын сұрыптап, саралау үлкен жауапкершілікті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861. – 41 с.
 [2] Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Ч.I, II. СПб, 1894-1897. – 83 с.
 [3] Күдерина Қ. Бірге, бөлек таңбаланып сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері. Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 2000. – 45 б.
 [4] Уәлиев Н, Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.